

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

«СЫРДАРИЯ» УНИВЕРСИТЕТІ



“Филология және психология” факультеті

“Шет тілдері” кафедрасы

“Шет тілін оқыту психологиясы” пәнінен
5В011900 “Шетел тілі екі шетел тілі” мамандығының студенттері үшін

ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕН
(силлабус)

Оқу түрі: сыртқы

Курс: IV

Лекция: 10

Практикалық: 4

СӨЖ: 31

Барлық сағат саны: 45

Аралық бақылау(1,2 АБ) 60 б

Қорытынды бақылау: емтихан 40 б

Жетісай, 2009

Силлабусты дайындаған: Бекпенбетова Қ. Т

Силлабус Қазақстан республикасы Білім және Ғылым министрлігі 23.12
2005 жылғы №779 бұйрығымен Бекітілген Мемлекеттік жалпыға міндетті білім
стандарты, мамандықтың типтік оқу жоспары және ҚР БҒМ 11.05 2005 жылғы №289
бұйрығымен бекітілген пәннің типтік оқу бағдарламасының орнына енгізілген.

Силлабус кафедраның мәжілісінде қаралды

Хаттама № « ____ » _____ 200_ж.

Кафедра меңгерушісі _____
қолы аты-жөні, ғылымға атағы

Факультеттің оқу-әдістемелік бюросында бекітілді

Хаттама № __ « ____ » _____ 200_ж.

Әдістемелік бюро төрағасы/төрайымы/ _____
қолы аты-жөні, ғылыми атағы

Университеттің Ғылыми Кеңесінде мақұлданған

Хаттама № __ « ____ » _____ 200_ж.

Ғылыми Кеңес хатшысы _____
қолы аты-жөні, ғылыми атағы

МАЗМҰНЫ.

1. Алғы сөз
2. Жалпы мәліметтер.....
3. Курстың мақсаты мен міндеті
4. Курстың пререквизиттері, постреквизиттері.....
5. Жұмыс оқу жоспарынан көшірме.....
6. Оқу сабақтарының құрылымы.....
7. Студентке арналған ережелер.....
8. Оқу сағаттарының кредитке сәйкес тақырып бойынша бөліну кестесі
9. Лекция сабақтары.....
10. Практикалық сабақтарының жоспары.....
11. СӨЖ жоспары
12. Пайдаланатын әдебиеттер мен web сайттар тізімі.....
13. Студенттердің білімін бақылау түрлері (тест, бақылау сұрақтары т.б).....
14. Студенттердің академиялық білімін рейтингтік бақылау жүйесі.....

1. Алғы сөз

“5B011900-Шет тілі: екі шет тілі” мамандығының сыртқы бөлім 4-курс студенттерін « Шет тілін оқыту психологиясы» пәніне оқу жоспарына сәйкес 1 кредит (45 сағат) берілген. Оның 10 сағаты лекция, 4 сағаты практика, 31 сағаты СӨЖ-ге бөлінген.

Кредиттік оқыту жүйесінде студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) ұйымдастыру маңызды орны алады. Оқытушылардың СӨЖ ұйымдастырудағы негізгі функциялары:

- студенттерге бағыт-бағдар беру;
- студенттерге консультатциялық көмек, кеңес беру;
- студенттердің білім бақылау,бағалау.

Студенттердің өзіндік жұмысты орындау барысындағы негізгі міндеттері:

- сабақ барысында берілген ақпараттарды белсенді қабылдау;
- оқытушының кеңесін негізге алып, өз бетінше дайындалу, өздеріне қатаң талап қоя білу;
- күрделі, ауқымды, проблемалық ситуацияларды, мәселелерді меңгеруде оқытушыдан дер кезінде түсініктеме, кеңес, көмек алу.

Студенттердің өзіндік жұмыстарын өткізуде келесі мәселелерге көңіл бөлінуі тиіс:

- СӨЖ нақты жоспарлау;
- әдістемелік қамтамасыз ету;
- СӨЖ тапсырмаларының күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сәйкес орындалуын студенттен талап ету.

2. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР.

№	Оқытушының аты-жөні	Сабақты өткізу, орны		Байланыстырушы мәлімет
		Аудиториялық сабақтар	СӨЖ	
1	Бекпенбетова Қ.Т	Уақыты- 8.30-17.30 Ауд -39	Уақыты 8.30-17.30 Ауд -39	Тел: _____ Каб:39 _____ Корпус: _1_____

3. ПӘННІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТІ, ОНЫҢ ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕГІ РОЛІ

Курстың мақсаты: студенттерге шетел тілінің психологиялық ерекшеліктерін оқу пәні ретінде көрсету, қазіргі заман технологияларын меңгерудегі олардың психолінгвистикалық біліктілігін қалыптастыру және жас ерекшелігіне сай шетел тілін үйрету әдістерін қолдану.

Курстың міндеттері

- студенттерді шетел тілін оқытудағы психологиялық және психолінгвистикалық мәселелерімен таныстыру,
- жас ерекшеліктеріне байланысты шетел тілін меңгерудегі психологиялық және педагогикалық білім, іскерлік, дағдыны жүйелендіру,
- қазіргі заманның психолінгвистиканың жетістіктеріне негізделген кәсіби маңызды іскерліктің жүйесін қалыптастыру,
- болашақ шетел тілі ұстазының шығармашылық, аналитикалық іс-әрекеттерінің теориялық болжамдарын белсенді түрде қалыптастыру,
- кәсіби педагогикалық іс-әрекеттегі студенттердің шетел тілін инновация технологиялар арқылы үйрену барысындағы танымдық қызығушылықтарын дамыту.

4. КУРСТЫҢ ПОСТРЕКВИЗИТТЕРІ МЕН ПРЕРЕКВИЗИТТЕРІ

№	Пререквизиттер (пәннің алдында міндетті түрде игерілуге қажетті пәндер)	Постреквизиттер (пәннен кейін өтілетін, осы пәнге сүйенетін пәндер)	Кафедра	Кафедра қабылдаған шешім, хаттамасы №___ күні
1	Тіл біліміне кіріспе	Екінші шетел тілді үйрету әдістемесі.	Шет тілдері	Хаттама №
2	Жалпы педагогика	Шет тілін оқытудың әдістерінің тарихы		
3	Этнопедагогика	Шетел тілді оқытудағы арнайы бағытталған әдістері.		
4	Жас ерекшеліктер психологиясы			

5. ЖҰМЫС ОҚУ ЖОСПАРЫНАН КӨШІРМЕ

№	Кредит саны	Курс	Жалпы сағат саны	Аудиториялық сабақтар		Аудитория дан тыс сабақтар	Қорытынды бақылау
				лекция	прак	сөж	
	1	4	45	10	4	31	емтихан

6. ОҚУ САБАҚТАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ:

Жұмыс бағдарламасында (силлабус) сағаттар оқу жұмыстары түрлеріне қарай бөлінген: лекция, семинар, ОБСӨЖ (оқытушының бақылауындағы студенттің өзіндік жұмысы), СӨЖ (студенттің өзіндік жұмысы), ЛБС-лабораториялық сабақтар.

Лекция – студентке тақырыпты игеруде неге назар аударуына бағыт береді. Пәнді толық меңгеру үшін студент ұсынылған әдебиеттердің барлығымен жұмыс істеуі қажет

Семинар сабақтарында – студент талдау, салыстыру, тұжырымдау, проблемаларды анықтай білу және шешу жолдарын белсенді ой әрекет талап ететін әдіс-тәсілдерді меңгеруі керек

ОБСӨЖ – оқытушының бақылауындағы студенттің өзіндік жұмысы. Материалды сабақ үстінде оқытушының көмегімен оқып меңгеру.

Оқытушы тақырыпқа сәйкес студенттің білім деңгейін тексереді, бақылайды.

СӨЖ-студенттің өзіндік жұмысы. Студент СӨЖ тапсырмаларын кестеге сәйкес белгіленген мерзімде оқытушыға тапсыруға міндетті.

Лабораториялық сабақтарда студент теориялық қорытындыларын, яғни, теория мен тәжірибе бірлігін анықтап, құрал-жабдықтарды құрастыруға, пайдалануға дағдыланады, тәжірибе кезінде алынған нәтижелерді талдауды, теориямен сәйкестеліп дәлелдеуді үйренеді.

7. СТУДЕНТКЕ АРНАЛҒАН ЕРЕЖЕЛЕР :

Сабаққа кешікпеу керек.

Сабақ кезінде әңгімелеспеу, газет оқымау, сағыз шайнамау, ұялы телефонды өшіріп қою керек.

Сабаққа іскер киіммен келу керек.

Сабақтан қалмау, науқастыққа байланысты сабақтан қалған жағдайда деканатқа анықтама әкелу керек.

Жіберілген сабақтар күнделікті оқытушының кестесіне сәйкес өтелінеді.

Тапсырмаларды орындамаған жағдайда қорытынды баға төмендетіледі.

8. ОҚУ САҒАТТАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫП БОЙЫНША БӨЛІНУ КЕСТЕСІ

№	Тараулар атауы, реті	Аудиториялық сабақтар		Аудиториядан тыс сабақтар
		лекция	практикалық	СӨЖ
1	1.1.Шет тілдерін оқыту психологиясының пәні мен мазмұны.	1		3
2	Шетел тілдерін оқыту психологиясының пәні, психологиялық ғылым жүйесіндегі орны.	1	1	3
3	1.2.Оқу процесінің психологизациясы және шетел тілдерін оқытудағы қазіргі заманғы үрдістер.	1		3
4	Шет тілдерін оқытудың дәстүрлі жолы – оқытудың ассоциативті теориясы.	1	1	3
5	2.1. Сөйлеу әрекетінің психологиялық ерекшеліктері және оқытудың әр кезеңіндегі шетел тілді меңгеру.	1		3
6	Тіл дамытудағы жеке тұлға.Сөйлеудің дамуы.	1	1	3
7	2.2.Сөйлеу әрекетінің психологиялық мінездемесі және шетел тілді әр жастық кезеңде меңгерудегі шетел тіліндегі дағды, іскерлікті қалыптастыру ерекшеліктері.	1		3
8	Шетел тілін оқыту процесіне психологиялық түсініктеме беру.	1		3
9	3.1. Шет тілі мұғалімінің психологиялық біліктілігі. Шет тілі мұғалімінің педагогикалық жұмысының психологиялық негіздері	1	1	3
10	3.2. Сабақты жүргізу мен ұйымдастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері.Шет тілі мұғалімінің сабаққа психологиялық талдау жасауы.	1		4
	Барлығы	10	4	31

9. ЛЕКЦИЯ САБАҚТАРЫ

1-ЛЕКЦИЯ.

ТАҚЫРЫБЫ: ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ПӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ.

Жоспары:

1. Шет тілін оқытудың психология пәнінің мақсаты мен міндеті.
2. Пәнді оқытудың жолдары.

Лекция мақсаты: Шет тілін оқыту психологиясының ғылым ретінде алатын орнын түсіндіру.

Лекция мәтіні:

1. Шет тілін оқытудың психология пәнінің мақсаты мен міндеті.

Білім берудің тарихи қалыптасуына байланысты барлық ғылым салалары белгілі бір бағыттар бойынша пәндер көлемінде салаларға бөлінеді. Қарастырылатын мәселелері, зерттеу проблемаларына байланысты әр пәннің міндеті де белгілі. Осыған орай әрбір пәнді оқыту әдістемесі пайда болады. Айтарлық әдебиет пәнінің әдістемесі, шет тілін оқыту әдістемесі т.с.с. Бұларда оқыту нысаны болып отырған мектеп оқушылары, орта кәсіптік орындары, жоғарғы оқу орындарының компоненттінің басты ерекшелігі, білім деңгейіні байланысты кезеңдерге бөлініп оқыту мен тәрбиелеудің ұстамдылығына негізделі отырып білім, білік, әдет, дағдылар қалыптастыру жолдары, оқушылардың іскерлік, шығармашылық мүмкіндіктерін дамыту, тың мәліметтер жинау және оны орынды пайдалана білу т.б. зерделенеді. Шет тілі пәні оқыту мен тәрбиелеу үрдісі болып, ал нысаны мектепке дейінгі тәрбиеленушіден бастап, оқушы, студент, ересек адамдар, болашақ маман, кәсіп иесі т.б. болып айқындалады.

Шет тілін оқыту әдістемесі- осы пәнді оқытудың теориясы мен практикасының тоғысуынан туындап, осы үрдістің бірлігі болып саналады. Оқыту әдістемесі оқыту мен оқудың мазмұны формасы, әдістері, тәсілдерінің бірлігін көрсетеді. Шет тілін оқытудың заңдылықтарын қарастыру мен бірге оқу- тәрбие үрдісін басқарудың үнемі тың жолдарын іздестіреді.

2. Пәнді оқытудың жолдары.

Пәнді оқытудың жолдары, тәсілдері қазіргі кезде технологиясы мен жаңартылған әдістерін оқыту мәселелерін қарастырады.

Ғылыми білімнің барлық салалары бойынша жалпы әдіснама гносеология – таным теориясы болып ол қоғам, табиғат және ойлау құбылысының диалектикалық заңдылықтарын, оны танып білудің жолдарын қамтиды. Қай ғылым саласы болмасын ол диалектиканың жалпы заңдылықтарын

өз пәні тұрғысынан зерттеуде пайдаланады, негізге алады. Диалектиканың басты заңдылықтары – тұтастық және қарама – қарсылық арасындағы қайшылықтар болып әрқандай құбылыстың ішкі қимыл, қозғалыстары мен даму себептерін ашуға көмектеседі. Белгілі бір ереже не қағиданы, тұжырым, ұғым не түсініктерді, формулалар т.б. көп рет – он, он бес, қайталау арқылы жаттау, жаттағанын еске түсіру, практикада тексеріп көру арқылы ол түбегейлі білімге айналып адам санасын байытады. Бұл өз кезінде сол адамның білім, біліктілігі ретінде бағаланып сапалық деңгейін көрсетеді. Бұл сапа өз кезінде жұмыстың нәтижесіне ықпал етіп оның тиімді коэффициентін көтереді.

Бақылау сұрақтары:

1. Шет тілдерін оқыту психологиясының мазмұны.
2. Шет тілін оқыту психологиясы пәнінің мақсаты мен міндеті.
3. Шет тілі пәні оқыту мен тәрбиелеу үрдісі
4. Шет тілін оқытудың заңдылықтары
5. Диалектиканың басты заңдылықтары:
6. Пәнді оқытудың жолдары:

2-ЛЕКЦИЯ.

ТАҚЫРЫБЫ: ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУ ПСИХОЛОГИЯСЫНЫҢ ПӘНІ, ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ОРНЫ.

Жоспары:

1. Психологияның оқыту теориясы туралы ұғым
2. Шетел тілін оқытудағы коммуникативтік бағдар принципі.

Лекция мақсаты: Психологиядағы оқыту теориясы жайлы кеңінен түсінік беру.

Лекция мәтіні:

1. Психологияның оқыту теориясы туралы ұғым.

Бүгінгі оқыту жүйесінде әртүрлі жаңа технологиялар пайдалану тәжірибеге еніп нәтижелер беруде. Әсіресе бастауыш сынып мұғалімдері мектептегі жаңару процесін қызу қолдап, жаңалықтарды жылдам бесенділік танытуда. Қазіргі күнгі мектеп бағдарламасына мұғалім балаға білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл- ойын, қабілетін дамытуы, оқу алуға үйретуі керек деген міндеттер қояды. Дамыта оқыту идеясының ұзақ тарихы бар. Ерте кезден бастап – ақ ойшылдар білім мен ақыл- ой тәрбиесінің ара – қатынасын, олардың дамуына әсерін зерттей бастаған. Бізге белгілі алғашқы дидактиканың бірі Квинтилиан мектеп алдына баланың келбетіне, ақылының қасиеттеріне, мінез құлық- ерекшеліктеріне сүйене отырып, оның ойының және тілінің дамуын қамтамасыз етуді қойған. Баланың ақыл- ойын дамыту үшін қабілетін дамыту олардың білімге құштарлығын оятып, лаулата түседі. Көп білгенімен ешқандайда шығармашылық қабілетін, байқалуы мүмкін, яғни тіпті өзі өте жақсы білетін ғылым саласында да жаңа жағдайлардың, құбылыстардың шешімін өз бетінше таба алмай қиналатын сәттер адамдар адамдар басынан жиі өтеді. Бұл қалыптан тыс ойлай алмаудың салдары.

2. Шетел тілін оқытудағы коммуникативтік бағдар принципі бойынша шетел тіліндегі оқу-тәрбие процесінің ұйымдастырылуы, мақсатқа бағдарлауы, жүзеге асырылуы нәтижесінде оқушылар бағдарламада белгіленген тақырыптар көлемінде шетел тілін қатынас құралы ретінде пайдалану іскерліктері мен дағдыларын игеруге тиіс. Коммуникативтік бағдар принципі бойынша тілдік материалды (фонетиканы, лексиканы, грамматиканы) меңгеруге арналған жұмыс шетел тілінде қатынас жасау үшін сол материал қалай қолданылатынын көрсетумен аяқталуы керек. Аталған принцип ауызша сөзге үйретуде де, жазбаша сөзге үйретуде де, яғни оқу және жазу процесінде де қолданылуға тиіс.

Ана тілінің ерекшеліктерін ескеру принципінің шетел тілін оқытудағы маңызы үлкен. Шетел тілі сабағы үстінде тек шетел тілінде ғана жаттығулар жасау арқылы сабақтан ана тілін аластауға болғанымен, оны оқушылардың санасынан аластау мүмкін еместігін академик Л. В. Щерба жақсы айтқан. Олай болса, шетел тілін оқытуда ана тілін аластау емес, қайта оқушылардың ана тілін меңгерудегі тәжірибесіне сүйену керек. Сөйтіп, ана тілінің тиімді ықпалын барынша пайдаланып, оның тиімсіз ықпалы болатын материалды бекітуде көптеген жаттығулар жасау арқылы интерференцияны жою керек. Оның үстіне орыс тілінің де тиімді ықпал ететін жерлерін толық пайдалану керек.

Шетел тілін меңгерудің барлық салаларында жаттығудың басымдылық, принципі зор маңыз атқарады. Жана сабақты түсіндіру жұмысын әркашан тиісті материалды қалай қолдануды көрсететін жаттығумен аяқтап отыру керек.

Шетел тілін оқытудың жекелеген принциптеріне мына принциптерді жатқызуға болады: 1) шетел тілін үлгі сөйлемдер арқылы оқыту принципі, 2) тіл материалын жаттықтыруды сөз практикасымен ұштастыру принципі, 3) әр түрлі сөз әрекетінің бір-бірімен байланыстылық принципі, 4) оқу мен жазуға үйретуде тілдік материалды

алдын ала ауызша меңгеру принципі, 5) апроксимация принципі, 6) шетел тілін оқытудың төменгі сатысында оқытудың интенсивті принципі.

1) Шетел тілін үлгі сөйлемдер арқылы оқыту принципі қазіргі кезде тілді игерудің ең ұтымды жолы болып табылады. Бұл принцип бойынша тіл және сөз материалы мұқият іріктеліп алынып, олардың үлгілері жасалады да, оқушыларға жиі қолданылатын фонетикалық, лексикалық және грамматикалық материал мен үлгі сөйлемдер беріледі. Оларды игеру нәтижесінде оқушылар ауызша сөзде де, жазбаша сөзде де коммуникативтік актіні атқаруға мүмкіндік алады.

Бақылау сұрақтары:

1. Психологияның оқыту теориясы туралы ұғым.
2. Бізге белгілі алғашқы дидактиканың бірі.
3. Қазіргі күнгі мектеп бағдарламасында мұғалімнің алатын орны.
4. Шетел тілдерін оқытудағы қазіргі заманға сай үрдістері:

3-ЛЕКЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: ОҚУ ПРОЦЕСІНІҢ ПСИХОЛОГИЗАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҮРДІСТЕР.

Жоспары:

1. Оқу процесінде шет тілдерін оқытудың үрдістері.
2. Шетел тілдерін оқыту процесінде к ө р с е т у әдісі.

Лекция мақсаты: Оқу процесінде қазіргі заманға сай үрдістерді шет тілі сабағында тиімді пайдалану.

Лекция мәтіні:

1. Оқу процесінде шет тілдерін оқытудың үрдістері. Психологияда адамның психикалық қызметін зерттейтін алуан түрлі әдістер қолданылады. Белгілі бір әдісті таңдауда зертеу жұмысының алдына қойған мақсатына байланысты, қандай жағдайда болмасын жоғарыда айтылған принциптерді басшылыққа алған абзал. Шет тілі сабағында әңгімелесу әдісін қолданғанда әңгіменің мақсатын алдын-ала анықтау негізгі сұрақтарды әзірлеу өте маңызды. Әңгіме барысында сұрақтардың негізгі мазмұны мен бағытын сақтай отырып, берілген жауаптарға сәйкес оларды түрлендіру қажет. Әңгіменің бүкіл барысында жайма-шуақ, ықыласты жағдайды сақтаудың маңызы өте зор. Әңгімелесу әдісінің негізгі кемшілігі сол, мұнда сыналатын адамның психикалық ерекшеліктері туралы тұжырымды оның өзі берген жауабы негізінде жасауға тура келеді. Сондықтан бұл әдісті өз алдына жеке пайдаланбайды, басқа әдістер мен толықтырып отырады. Шет тілін оқытудағы әңгімелесу іс-әрекетінің ролін анықтау.

Шетел тілдерін оқыту процесінде к ө р с е т у әдісі ерекше орын алады. Басқа пәндерді оқытуда бұл әдіс дербес әдіс бола алмай, тек басқа әдістермен қосарлана қолданылса, шетел тілін оқытуда ол дербес әдіс міндетін атқарады. Шетел тілін іс жүзінде меңгеруде, оны мектеп

бағдарламасы көлемінде қолдануда к ө р с е т у әдісінің маңызы зор. Мұнда заттарды, суреттерді, түрлі кестелер мен схемаларды көрсетумен қатар, одан да мәндірек сөз технологиясын көрсету, ауызша және жазбаша сөздің қалай жүзеге асырылатынын көрсету басым орын алады. Шетел тілінде сөйлейтін органың жоқтығы сол тілдегі сөзді көрсетудің маңызын арттыра түседі.

Т ү с і н д і р у шетел тілдерін оқыту процесінде қазіргі кезде қарапайым орын алады. Шетел тілін оқытуда түсіндірудің маңызы едәуір болғанмен, бұл әдіс тек тіл материалын меңгеру, кезеңінде қолданылады да, сөзді игеруде қолданылмайды. Сөйтіп, түсіндіру көмекші қызмет атқарады. Оны оқушыларға тіл құбылысының мәнін түсіну қиын болған жағдайда қолданады.

Ж а т т ы ғ у әдісі шетел тілін оқып-үйренуде басым роль атқарады. Мұғалімнің қолданатын барлық әдістері мен тәсілдері шетел тілін қатынас құралы ретінде қолдану практикасында жаттығуларда өз орындарын табуға тиіс. Сөз әрекетінің қандай түріне үйретсек те сабақтың негізгі бөлігі жаттығу болады. Жаттығу аз болған жерде сабақтан нәтиже шықпайды, оқушылардың пәнге қызығушылығы төмендейді. Керісінше, сабақта түрлі-түрлі белсенді жаттығулар мол болса, оқушылар сөз әрекетіне тез машықтанады. Сонымен мектепте шетел тілін оқытудың барлық сатыларында жаттығулар мықтап орын алуға тиіс

Бақылау сұрақтары:

1. Психологияда адамның психикалық қызметін зерттейтін әдістердің пайдаланылуы.
2. Шет тілі сабағында әңгімелесу әдісін қолданғанда әңгіменің мақсатын алдын- ала анықтаудағы негізгі атқаратын ролі.
3. Әңгімелесу әдісінің негізгі кемшілігі.
4. Әңгімелесу мен сөз шеберлігін меңгеру.

4-ЛЕКЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: ШЕТ ТІЛДЕРІН ОҚЫТУДЫҢ ДӘСТҮРЛІ ЖОЛЫ –ОҚЫТУДЫҢ АССОЦИАТИВТІ ТЕОРИЯСЫ.

Жоспары:

1. Оқу - білімді , дағдыны және білгілікті жүйелі игеру процесі.
2. Көрнекілік-жетекші тәсіл ретінде.

Лекция мақсаты: Шет тілін оқып үйренудің өзіндік психологиялық ерекшеліктерін кеңінен түсіндіру.

Лекция мәтіні:

1. Оқу - білімді , дағдыны және білгілікті жүйелі игеру процесі .Оқу дегеніміз еңбек әрекетін орындауға қажетті білімді , дағдыны және білгілікті жүйелі игеру процесі. Оқу ісіне міндетті екі адам, оқытушы және оқушы қатынасады. Алайда мұны бір адамның екінші адамға білім беруі деп қарауға болмайды. Бұл ең алдымен, оқытушының басшылығы мен білімді, білгірлікті және дағдыны белсенді игеру процесі.Оқу дамытқыш құрал болу керек. Оқушыларға білімді хабарлай отырып, оқытушы оларды ойлауға және бағдарлауға, ұққандарын өз сөзімен айтып беруне үйретеді. Оқушы тек қана білімді игеріп қана қоймай, сонымен қатар өздігінен ойлау, білім алу әдісін үйренеді. Жақсы ұйымдастырылған оқу тәрбиелеуші рөл атқарады. Оқу процесінде болашақ адам, оның бағыттылығы, мінезіндегі еркін қырлары, қабілеті және т.б. қалыптасады. Мектепке бару бала өмірінің жауапты кезеңі. Оқи бастаған соң оның отбасындағы жағдайы өзгереді. Онда мектепке уақытында бару, үй тапсырмаларын орындау, жолдасына көмектесу сияқты көптеген жаңа міндеттер пайда болады. Сөйтіп мектепке алғашқы барған күннен бастап баланың айналасы мен қарым-қатынасы міндеттілік принципімен реттеледі. Жақсы оқу парызы – тек ата-ана алдындағы парызы ғана емес, сынып, мектеп, бүкіл Отан алдындағы, өзінің ар-ожданы алдындағы парызы. Мектеп оқу процесінде оқу мотиві қалыптасып, өзгеріп отырады. Ол төменгі сынып оқушыларындағы қарапайым мотивтен басталады. Жоғарғы сынып оқушыларында парыз сезіміне дейін көтеріледі. Алғашқы жылдары балалар үйде ата-аналарын ұрыспауы үшін, жақсы баға алу үшін оқиды. Осыған орай ғылым проблемаларының білуге құмарлық, жеткіншектің танымдық қажетін қанағаттандырарлықтай білім алу мотиві пайда болады. Мінез –құлықтың жоғары сатылы реттеушісі болып табылатын парыз бен арды қалыптастыру, оқу мотивінің сферасына жоғары моральдық сенімдерді қосады. Шет тілін оқу кезінде бала дамудың ұзақ жолынан өтеді. Бастауыш сыныпта ол сауаттылық негізін,

өзінің шамасы жетерлік шет тілін игереді. Экспериментальды оқытулар балалар бастауыш сыныпта қарапайым әріптерді, сандарды меңгере алатынын көрсетеді. Олар өз ана тілін және шет тілін жап-жақсы біліп алады. Орта мектепте оқу ісін ұйымдастыру оқушыдан үлкен жауапкершілікті және оқуға саналылықпен қарауды талап етеді. Сабақ пән бойынша жүргізілуі мұғалімнің оқушы үлгерім мүмкіндігін азайтады. Ой қызметінің сапасына талап арта түседі. Оқушыдан мұғалімнің айтқандарын, кітаптан оқығандарын жай ғана есте сақтағаннан гөрі, оны ұғыну, ой елегінен өткізе білу талап етіледі.

2. Көрнекілік-жетекші тәсіл ретінде.

Оқытудың техникалық құралдары сабақта әр түрлі мақсатқа қолданылады. Олардың көмегімен тіл материалын түсіндіруге, оны бекітуге, сондай-ақ сөз іскерліктері мен дағдыларын қолдануға болады. Техникалық құралды фонетикалық дағдыларды дамытуда оқушылар мен мұғалімге үлкен көмек көрсетеді. Мұнда негізінен күйтабақ ойнатқыш пен магнитофон оқушылар шетел тілінде диктордың үлгілі сөзін тыңдап, дыбыстардың қалай айтылатынын, сөздердің екпінін, сөйлемдердің интонациясын естиді де, оған еліктеу арқылы шетел тілінің дыбыстарын дұрыс айтуға, сөздердің екпінін дұрыс қоюға, сөйлемдерде дауыс ырғағын, интонациясын бұлжытпай айтуға дағдыланады. Фонетикалық дағдыларды қалыптастыру үшін күйтабақ ойнатқаннан гөрі магнитофон тиімдірек, өйткені магнитофонға мұғалім өзі жаза алады, мұнда әр дыбыстан, сөзден кейін үзіліс жасауға мүмкіндік бар. Сөз шапшаңдығын да мұғалім, өз оқушыларының шама-шарқына мөлшерлеп өзгертіп отырады.

Магнитофонның көмегімен фонетикалық дағдыларды қалыптастырғанда, мұғалім таспаға жеке-жеке дыбыстарды арасына үзіліс қалдыра отырып жазады. Сондай-ақ құрамында жаттықтырылуға тиісті дыбыстар бар сөздер мен сөйлемдерді де үзіліспен жазып алады. Оқушылар әуелі жеке дыбыстарды тыңдап, арасындағы үзілісте сол дыбыстарды дұрыс айтып жаттығады. Сосын сөздер мен сөйлемдерді тыңдап, үзілісте оларды қайталап айтады. Сөйтіп, оқушылар жеке дыбыстардың айтылуын ғана емес, сөздердің айтылуын, дауыс екпінін, сөйлемдердің интонациясын меңгеріп алады. Магнитофон әсіресе шетел тіліндегі тақпақтар мен өлеңдерді үйренуде үлкен көмек береді.

Бақылау сұрақтары:

1. Шет тілі сабағындағы оқушылардың іс-әрекеті.
2. Сөйлеу әрекетінің психологиялық мінездемесі
3. Шет тілін оқу кезінде баланың дамуының жолдары.
4. Оқу ісіне міндетті екі адам:
5. Шетел тіліндегі дағды, іскерлікті қалыптастыру ерекшеліктері .

5-ЛЕКЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОҚЫТУДЫҢ ӘР КЕЗЕҢІНДЕГІ ШЕТЕЛ ТІЛДІ МЕҢГЕРУ

Жоспары:

1. Психологиялық анализ және синтез.
2. Оқытушының сабаққа анализ жасауы.

Лекция мақсаты: Шет тілі мұғалімінің педагогикалық жұмысының психологиялық негіздерінің мазмұнын анықтау.

Лекция мәтіні:

1. Психологиялық анализ және синтез. Сабақтың оқу – тәрбие жұмысының мақсатын жоспарлау бағасы:

- Оқыту,
- Тәрбиелеу,

• Оқушылардың ақыл-ойын, ерік, сезім және танымдылық үрдістерді дамытуы.
Сабақ мазмұнының психологиялық-педагогикалық бағасы:

- Оқу материалының психологиялық сапасы (сурет немесе түсіндіру, олардың көрнекік, нақтылық, абстрактілік, талап қорытындылау дәрежесі).
- Оқушылардың танымдық іс-әрекетінде осы тақырыптың қабылдауы қай жағынан белсенді түрде қажет (бейне немесе сөздік-логикалық есте сақтауы, абстрактілік ойлауы, елесі). Қандай сезімдер тууы ықтимал?
- Берілген оқу материалдар оқушылардың танымдық іс-әрекет барысында жас ерекшелігіне, өмір тәжірибесіне және білім деңгейіне сәйкес келе ма?
- Меңгерілген білім мен біліктіліктің мазмұндылығын, түйінін мұғалім қалай бөле алады?
- Оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, қиын тақырыптарды қабылдауына мұғалім түсінігі, қызықты, айқын, әрі қарапайым жеткізу, көрінекті мысалдардың, аналогияның, салыстырудың болуы (көрнекі құралдарды пайдалану, өмір мен байланыстыру және т.б.) қалай жүреді?
Берілген материалдық тәрбиелік мәні (моральдық, эстетикалық, дін т.б)

2. Оқытушының сабаққа анализ жасауы.

Оқу материалының тәрбиелік мүмкіндіктерін мұғалім қаншалықты орнықты анықтайды. сабақта оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқарудың әдістері мен құралдары.

1 Зейінді ұйымдастыру:

- Сабақтың барлық кезеңінде есте сақтауды ұйымдастырудың жолдары (сабақта оқушылардың ырықсыз көңіл бөлуіне, назар аударуына үндеу жасау, іс-әрекеттің қажеттілігін көрсете білу, нақты мақсатты қоя білу).
- Сабақ барысында зейіннің түрлері және олардың кейбір оқушылардың бойынан көрінуі.
- Оқушылардың назарын бір іс-әрекеттен екіншісіне аударуды ұйымдастырудың тәсілдері.
- Мұғалім ұсынған іс-әрекеттің қандай қиын түрі болса да, оқушылардың назарын аударуға талап қоя білуі, әрі бұл жағдайдан қалай шықты?

Қабылдауды ұйымдастыру және оның ерекшелігі:

- Оқушылардың қабылдау объектісі не болып табылады (мұғалімнің сөйлеуі, кітаптың мәтіні, әртүрлі көрнекі құралдар)?
- Көрнекі құралдарды қолдануы, олардың сабақтағы қызметі.
- Материалды қабылдау тиынақтылығы.

Ес және оның дамуы:

- Сабақты әр кезеңінде оқушылардың есте сақтауына мұғалімнің арнайы үндеу жасай білуі.
- Сабақта естің қай түрі жиі байқалады?
- Сабақта мұғалім есте сақтаудың ең тамаша қандай тәсілін қолданады?

Оқушылардың ойлау іс-әрекетінің белсенділігін артыру:

- Мұғалім оқушыларға ғылыми түсінікті қалай қалыптастырады? Осыған орай көрнекі құралдарды қалай қолданылады?
- Түсініктерді бір-бірімен қалай байланыстырады, әрі қандай пікір қалыптастырады?
- Түсініктер мен пікірлері оқушылардың меңгеруіне мұғалім қандай жолдарды (индуктивті немесе дедуктивті) таңдады?
- Мұғалім оқушылардың түсініктері мен пікірлерді меңгеруіне қажеттілікті тудыра білді ма?
- Сабақта түсініктерді меңгерудің деңгейі, түсініктерді анықтау барысында жіберілген қателіктер

- Оқушылардың өзінің шығармашылық ойының белсенділігі.
- Ұжымдық таным іс-әректінің ұйымдастыруы.

Сабақта репродуктивті және шығармашылық елестің белсенділігі.

Мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін қалай ескереді.

Мұғалімнің кері байланысты ұйымдастыруы:

Мұғалім сабақтың қай кезеңінде (сұрақ-жауап, жаңа материалмен таныстыру, пысықау барысында), қандай мақсатпен оқушыларға сүйенеді(сұрақ қойды)?

Сабақта оқушылардың меңгерген білім деңгейін анықтауы.

Кері байланыс тек бақылау мен ғана шектелмей, үйрету ерекшелігі болады ма?

Сабақта оқушыларға қойылған бағаларды қалай қабылдады, әрі оларға қалай түсінік береді

Оқушылардың берген жауаптарының ерекшеліктері мұғалімнің әрекетінде, сөзінде ескеріді ме?

Мұғалімнің тәжірибелік ықпалы:

Оның сыртқы келбеті, сөйлеу, әрі оқушылармен қарым-қатынас үлгісі. Сабақтағы эмоциялық жағдай.

Оқушылардың құнды ерікті ар-ұждандық қасиеттерін қалыптастыруға мұғалімнің талап қоя білуі және оқушылардың осы талапқа көзқарасы әсері.

Сабақта қолданған тәсілдер мен әдістердің тәрбиелік маңызы.

Үй тапсырмасының көлемі, ерекшелігі, жекедаралығы.

Сабақ мақсатына жеткендігі жайлы қандай психологиялық көрсеткіштер арқылы нақтылауға болады.

Бақылау сұрақтары:

1.Берілген оқу материалдар оқушылардың танымдық іс-әрекет барысында жас ерекшелігіне, өмір тәжірибесіне және білім деңгейіне сәйкес келе ме?

2.Меңгерілген білім мен біліктіліктің мазмұндылығын, түйінін мұғалім қалай бөле алады?

3. Қабылдауды ұйымдастыру және оның ерекшелігі.

4. Берілген материалдық тәрбиелік мәні неде?

5. Кері байланыс тек бақылау мен ғана шектелмей, үйрету ерекшелігі болады ма?

6. Сабақта естің қай түрі жиі байқалады?

7. Сабақта мұғалім есте сақтаудың ең тамаша қандай тәсілін қолданады?

8. Сабақтың оқу – тәрбие жұмысының мақсатын жоспарлау бағасы.

6-ЛЕКЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: ТІЛ ДАМУДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒА.СӨЙЛЕУДІҢ ДАМУЫ.

Жоспары:

1.Шет тілін оқытудың психологиялық негіздемесі.

2. Шәкірт пен ұстаздың ортақ іс-әрекеті

Лекция мақсаты: Шет тілін оқыту процесінің әртүрлі қырларын жекелеген методикаларын қарастыру.

Лекция мәтіні:

1.Шет тілін оқытудың психологиялық негіздемесі.

Шетел тілін оқыту оқушылардың жан-жақты дамып, жетілуіне: дүниеге көзқарасының, ойы мен есінің, сезімі мен эмоциясының, рухани және эстетикалық, көзқарасының, мінезінің қалыптасуына, өз бетінше білімін көтеруге ұмтылуын дағдыға айналдыруға әсер етіп, олардың жан-жақты дамыған азамат болуына ықпал жасауды мақсат етеді. Шетел тілі пән ретінде оқушыларды ұлттық патриотизм, интернационализм рухында тәрбиелеуге зор мүмкіндіктерге жол ашады. Шетел тілін оқып-үйрену барысында

оқушылар әр түрлі текстерді оқиды, тыңдайды, мазмұнын айтып береді. Олардың мазмұны оқушыларға өз халқын сүйөді, өзге халықтарды сыйлауды үйретуге тиіс. Шетел тілін оқу оқушылардың бойында еңбекке деген дұрыс көзқарасты қалыптастырып, дамытуға тиіс.

Оқушылардың жан-жақты дамуына, олардың дара тұлғалар болып қалыптасуына тілдік материалды жақсы біліп, сөз іскерліктерін меңгерудің маңызы үлкен. Лексикалық, грамматикалық, фонетикалық, дағдыларды меңгеру барысында оқушылар белсенділік, өз бетінше жұмыс істеуге қабілеттілік көрсетіп, қорытынды жасауға дағдылануға тиіс. Шетел тілін оқып-үйрене отырып, оқушылар өз ойын жүйелі түрде айтып жеткізе білу, шетел тілінен алған білімін, үйренген іскерліктері мен дағдыларын жаңа ситуацияларда шығармашылықпен қолдану іскерлігін меңгереді.

Оқыту–шәкіртпен ұстаздың өзарабірілесіп, ынтымақтасып жасайтын ортақ іс-әрекеті. Оқыту-мұғалімнің тәлім-тәрбие берудегі басты әрекеті болса, оқу шәкірттің дүниені танып білуге басты әрекет болса, оқу шәкірттің дүниені танып білуге бағытталған өзіндік әрекеті. Оқыту процесінің әртүрлі қырларын жекелеген методикалар қарастырады.

2. Шәкірт пен ұстаздың ортақ іс-әрекеті.

Шәкірттердің оқу мазмұнын ұғынып, әртүрлі тапсырмаларды қалайша орындай алу мүмкіндіктерін зерттейді. Шәкірттердің оқуға талпынысы мен ынтасын қалыптастыру жолдарын, оның түрлі білім, дағды, әдеттерді қалайша меңгеріп отыратындықтарын әртүрлі мазмұндағы материалдарды игеру ерекшеліктері нәтижені жоғарылату объектісі болып табылады. Оқу материалдары адам психологиясына зор талап қоятыны белгілі. Шындықтағы құбылыстардың сыр сипатын, мән жайын ұғыну өте күрделі әрекет. Мұның өзі қазіргі заманда бірнеше кезеңнен тұратыны белгілі. Мәселен оқушының сабақта материалды ұғынудың алғашқы кезеңінде шәкірт нені қалай оқу керектігі жайлы жалпы мағлұмат алады. Содан соң тәжірибеде сынап көреді. Үшінші кезеңде ұғынғанын сөзбен тұжырымдайды. Төртінші кезеңде оларын ойына ұстап тұрады да, бесінші кезеңде шәкіртте зат пен құбылыс туралы белгі ұғымы қалыптасатын болады. Ақыл ой амалдарын меңгеру арқылы оқушы шындықтағы заттардың байланыс қатынастарын меңгереді, бір затты екіншісімен салыстырып, дәлелдей алуға, олардың айырмашылық бірлестіктерін үйренеді. Мұғалім шәкірт ойлауындағы талдау тәсілінің қалыптасуына жеткіліксіз көңіл бөлетін болса, ондай оқушы материалдың бір-бірі мен байланысының жеке жақтарын ғана меңгереді. Сондай ақ мұғалім сабақ беруде жинақтау тәсілін ойдағыдай пайдалана алмаса, берілген мағлұмат бұрынғы материалмен дұрыс байланыспай қалады. Материалды өз күйінше жаттап алу, оның ішкі мәніне бара бермеу, балада жаттампаздық, яғни оны құрғақ жаттап алуға әуес болуға жетелейді. Шәкірттің білімді меңгеруі, мұғалімнің сабақ оқуы, екеуі де инемен құдық қазғандай қиын нәрсе. Мәселен мұғалім оқушыға бұрыннан таныс нәрсені ығыр қылып айта берсе, осы жағдайда ақыл ой кернеуалығын, кейде оқудан жиренушілікті туғызуы мүмкін. Сондықтан ұстаз әт шәкірттің рухани тілектерін, таным белсенділігін, оны ұдайы қанағаттандырып, оның табиғатты, өмірді, адамдар еңбегін білуге құштарлығын дамыту қажет. Мынандай кез әрқашан есте болуы керек. Егер жас баланың потенциалдық мүмкіндіктері жете бағаланбаса, яғни оның рухани тілектері қанағаттандырылмаса, бұл жағдай айналаны танып-білуге құштарлығының біртіндеп сөнуіне, самарқаулыққа салынуына себеп болуы ықтимал. Шәкірт ақыл ойын жүйелілік пен дамыту үшін оқытудың тым жеңілдетудің де қажеті жоқ. Шәкірттерің ойлау қабілетін дамытуға оқытудың проблемалы сипата болуы ерекше әсер етеді. Проблемалық оқу оқушыға беретін білімнің бәрін мұғалімнің өзі баяндап бермей, олардың алдына сұрау салып, мәселе қойып, соны өздерінше шешуге бағыттау. Білім жүйелерін меңгеру күрделі ой жұмысының нәтижесі. Бұл ойлау формалары мен тәсілдері арқылы жүзеге асады. Осылайша ойлау тәсілдерін тиімді пайдалануда шәкірттердің өздері ұғынуға тиісті заттар мен факторларды саралап, салыстырып, жекелеген құбылыстадың не себептен

туындайтынын, себебін іздестіретін болады. Еліміздің озат, жаңашыл ұстаздары өз тәжірибесінде методика, педагогика, психология ғылымдарының соңғы жетістіктерін тиімді пайдалану арқылы сабақ процессін жетілдіре түседі. Атап айтқанда бұл біріншіден – ұстаздың сабақты терең және жан-жақты түсіндіруі, екіншіден – оқу материалын тірек плакаттарына ойластыра қысқаша баяндай білу. Оның арқасында шәкірт тірек белгілері бар беттерінің мәнісін ұғынады. Осылайша балалардың барлық қырларын зерттеп, сабақтарды қызықты өткізу арқылы балаларды қызықтыра түсеміз. **Тәрбиелік және жетіктіру мақсаттары**

Бакылау сұрақтары:

1. Шет тілі мұғалімінің кәсіпкерлігі.
2. Проблемалық оқу оқушыға беретін білімнің бәрін мұғалімнің баяндамастан, соны өздерінше шешуге бағыттау.
3. Тәлім-тәрбие берудегі басты әрекет.
4. Шет тілін нәтижесінің жоғарылауы.
5. Оқу нәтижесін тиімді ұйымдастыру.
6. Материалды өз күйінше жаттап алу дегеніміз не?
7. Жаңашыл ұстаздардың өз тәжірибесінде методика, педагогика, психология ғылымдарының пайдалануы.

7-ЛЕКЦИЯ

ТАҚЫРЫБЫ: СӨЙЛЕУ ӘРЕКЕТІНІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МІНЕЗДЕМЕСІ ЖӘНЕ ШЕТЕЛ ТІЛДІ ӘР ЖАСТЫҚ КЕЗЕҢДЕ МЕҢГЕРУДЕГІ ШЕТЕЛ ТІЛІНДЕГІ ДАҒДЫ, ІСКЕРЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.

Жоспары:

1. Сөйлеу кезіндегі адамның өзіндік ерекшелігі.
 2. Балаларға қойылатын сұрақтардың түрлері.
- Лекция мақсаты:** Мұғалімнің шет тілі сабағында оқушылармен жұмыс істей білуі.

Лекция мәтіні:

1. Сөйлеу кезіндегі адамның өзіндік ерекшелігі Баланың жан дүниесінің ерекшеліктерін ажырату үшін жүргізілетін әдістемелік тәсілдер мүмкіндігіне қарай қысқа тұжырымдамаларды шапшаң жолмен құралғаны түсінікті болу керек. Баланың жеке басының даму үрдісін жылдам зерттеп білуі үшін ыңғайлы жас кезеңіне сәйкес болуы керек. Баланы оқытуда қарым-қатынас жасауда әңгіме, сұқбат жүргізу мақсатты түрде жоспарланып жазылуы керек. Ол барлық тақырыпқа қатысты. Сабақтың дамуын жан-жақты қамтитындай болуы керек. Оқытуда тест жүргізетін адам немесе психолог өзі жүргізетін сынақтың методикасын жақсы меңгеру керек. Баламен жүргізілетін әңгіме одан алатын жауап құрылысы жағынан мынандай болу керек:

- Кіріспеде баланы бірлестікке шақырып ынтымақтастықтағы әңгімеге тарту.
- Егерде бала өз сөзіне есеп беріп өзіне-өзі басшылық жасай алмайтын болса, сөзге тартып жетекші сұрақтар қойып бағыт беріп отыру.
- Жалпы алғанда балаға қойылатын сұрақтар мына тұрғыда болады:
 1. Сен маған өзің туралы айтып бере аласың ба?
 2. Бір-бірімен шамалы таныс болған соң, сен өз құрбыңмен қалай ойнап қарым-қатынас жасайтыныңды білгім келеді.
 3. Баланы жан-жақты толық зерттеу.
 4. Баланың қызығушылығын, мақсат – мүддесін, бейімділігін байқау.
 5. Қай жас кезеңінде болсада қарым – қатынас жасау керек.
 6. Балаларға қойылатын сұрақтардың өзі 3 түрлі болады:
 - Жалпылама шолу
 - Нақты мақсатты сұрақ

- Күтпеген көлденен сұрақтар.

Өртүрлі оқу әдістерін қазіргі уақытта кәсіби білім беруде пайдалануда. Педагогикалық мінездемеге бағыт-бағдар беруде психологиялық негізге, тақырыптың мақсатық құрылымы, оқу мазмұны, олар өздері бір-бірімен ерекшеленеді. Түсіндіру – иллюстрациялық әдіс, бевоверальді – техникалық, ақыл ой іс-әрекетің кезендері, проблемалы контексті болуы мүмкін. Оқу әдісінде сынды қолдау, оған жауап, дәстүрлі әдістерде теориялық, практикалық принциптер қызмет жасамайды. Кәсіби міндетті болашақ мамандар қабілеттерін шешуде ажырамайды; студенттердің тәртіпсіздігі пассивтілігі осындай проблемаларды өздері шешуде кәсіби іс-әрекетке міндеттеу; адамдардың ішкі құрылымын және сыртқы жағдайын, мінезін және іс-әректің оқу контекстінде жалғастыру қабалдауға ықпал ету, түйсіну және білім беудегі айқын ситуациялар, білінің мақсаты және мазмұнының қосылуы, бұлардың барлығы жеке компоненттері. Ең алдымен контексті кәсіби практикалық әрекетті жасауда, студенттер оқу ақпаратын меңгеруде және орындауды болжау. Жекетұлғалық және бірлескен анализ және кәсіби ситуацияны шешуде маманның рұқсаты мен жүргізу, оқу контекстінде А.А. Бербицкийдің формулировалды 7 негізгі принципті бар:

- Студенттердің оқу әрекетіндегі жеке қорытындысы.
- Кәсіби әрекеттің түрлері және жағдайы, әдістемелік оқу әрекетіндегі мазмұнның мақсаты.
- Оқу әрекетіндегі процесс және проблемалық принциптер және мазмұны.
- Оқу мақсатының адекватты қалпын ұйымдастыру
- Бірлескен іс-әрекеттегі тиімді әдістердің рөлі.
- Оқудың жеке принципті және кәсіби тәрбие.

Бербицкийдің формулировалды 7 негізгі принципті және көптеген кезеңдері бар:

1. Оқу іс-әрекетіндегі академиялық тип. Болашақ кәсіби іс-әрекетке контекстің араласуы.
2. Кәсіби квазиялық іс-әрекет жұмыс ойны. Контексті кәсіби іс-әрекет ойыны аудиториялық сабақ түрінде қалса сабақтарды қайт жаңғырту, кәсіби мамандардың әлеуметтік және психологиялық мазмұнының шығармашылығы.
3. Оқу кәсіби іс-әрекет студенттердің мамандарының қызметінің орындалуы. Бұл практиканы жасаушы, курстық жұмысты жасау және диплом жұмысы. т.б.

2. Балаларға қойылатын сұрақтардың түрлері. Сөз әрекеті белгілі тақырыптар төңірегіне құрылады. Мысалы, лингвистің математика тақырыбына сөйлеуі өте қиын. Сондықтан мектепте оқытылатын тақырыптарға белгілі мөлшерде шек қойылып, ең негізгілері іріктеліп алынуға тиіс. Сөйтіп, орта мектепте шектелген тақырыптар көлемінде ауызша сөз бен оқуға дағдыландыру керек. Осыған орай мектеп бағдарламасына «Сөйлеуге және оқуға арналған тақырыптар» деген бөлім кіреді. Үшіншіден, мектепте меңгерілуге тиісті тіл материалы (фонетикалық, лексикалық, грамматикалық материал) шектеледі. Мысалы, орта мектепті бітірушілер бағдарлама бойынша 1000 сөзді меңгеруге және сол тілде сөйлеу үшін қажетті грамматикалық құбылыстарды білуге тиіс.

Сонымен орта мектепте шетел тілін оқытудың практикалық мақсаты дегеніміз оқушылардың ауызша сөздегі (сөйлеу мен тындап-түсінудегі) және оқудағы іскерліктері мен дағдыларын дамыту. Жазу — оқытудың мақсаты емес, ол оқыту мақсатына жетудің құралы ғана.

Мектепте оқытылатын пәндердің оқушыларға жалпы білім беруде өзіндік үлесі бар. Шетел тілі де оқушылардың жалпы білім деңгейін көтеруге атсалысады. Шетел тілі пәнінің оқушыларға жалпы білім берудегі маңызын академик Л. В. Щерба тамаша көрсетіп берді: “Шетел тілін оқу нәтижесінде адам ойды тіл арқылы жеткізудің әр түрлі тәсілдері барына көзі жетеді, бір ойды ана тілінің өзінде әр түрлі тәсілмен беруге болатынын түсінеді, сөйтіп ой мен тілдің арақатынасын дұрыс ұғады; шетел тілін оқи

